

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ажырасу

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.05.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/152777/>

Ұлтымыздың ұлттық құндылықтардан алыстап, оларды дұрыс дәріптемей, немқұрайлы қарауынан отбасы құндылықтарының да тіптен ұмытылып бара жатқаны бәрімізге белгілі. “Отан-отбасынан басталады” деп өмір сүрген ата-бабаларымыз, көтерген шаңырақтарын шайқалтпай, оны берік ұстауды қашан да бірінші орынға қойғанмен, қазіргі заманның басты дерті-ажырасу болып отыр. Ең өкініштісі, бейкүнә баланың тағдыры осындай мәселеден тәлкекке түсуі. Сонда, ажырасу жазықсыз баланың тағдырымен тең болғаны ма?

Ажырасу-бұл қарапайым тілмен айтқанда, ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуі. Яғни, некенің заңды түрде бұзылғаны болып саналады. Бұл екі тараптың құқығы мен міндеттері шектелмей, ешқандай қысымсыз шешім қабылдауы түрінде көрініс табады. Ажырасу күйзеліс, қайғы деңгейіне байланысты өлімнен кейін бірінші орында тұр. Бүлекі адам үшін ауыр әрі қиынға соғады. Өмірдің қысқаруына әкелетін үлкен тәжірибе болғандықтан, ол қатаң түрде Заң арқылы, нақты құжаттармен реттеледі.

Ажырасуды болдырмау үшін ең бірінші, оның орын алу себептерін анықтау керек. Шын мәнінде оның себептері өте көп. Әркімнің жеке тағдыры бар, сондықтан проблемалар мен қарым-қатынас жасау әр түрлі болады. Бірақ осы уақытқа дейін орын алған ажырасулардың нәтижесі келесісебептерден туындайды. Мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, ер немесе әйелдің ішімдікке салынуы, есірткі қолдану, жұмыссыздық, көзқарастардың сәкессіздігі, мәжбүрлі түрде қосылу, көзге шөп салу, материалды жағдай, бедеулік т.б

Алайда, қазақ отбасыларының ажырасу себептеріне келін мен ененің қарым-қатынасы дәәсер етеді. Бүгінде жас отбасылардың көбісі ата-енеден бөлек тұруды жөн санайды. Себебі келін мен ененің арасында туындайтын жанжалдар ажырасуға негізгі себеп болады. Жігіттің ата-анасымен тұрған соң міндетті түрде арада түсініспеушілік, ұрыс-керіс кездеседі. Кейбір ата-енелер екі жастың арасына түсіп те жатады. Мәселен әйелі немесе ер азаматтың туған анасы тек бір тарапты таңдауды жөн санайды. Бұл таңдау ажырасудың бірден-бір себебі десек болады.

Тағы бір себеп ретінде алып қашуды айта аламыз. Бір-бірін мүлде танымайтын, бұрын-соңды араласып көрмеген адамдардың неке қиып жатқанына да куәміз. Алайда бұл қуаныштың ұзаққа созылмайтыны бар. Бұл да еліміздегі ажырасу дертінің басты себебі.

Ажырасу қалай орын алса да, нақты қай тараптың кінәлі екенін анықтау мүмкін емес. Себебі кінә қашан да екі тараптан болады. Бірақ “кінә менен емес” деген ұстаныммен өмір сүру дұрыс емес. Адам баласы өзін-өзі тәрбиелеп, қателіктерді қайталамауға тырысатын болса өзара жанжалды да болдырмауға болады. Дүниеде мінсіз адамның жоқтығын негізге алып, істеген қателігін кешіре білетін, жарының мінін бетіне баспай, кемшіліктеріне көз жұма қарай алтын адамдар ғана шаңырақты қашан да биік ұстай алатын болады.

Жалпы ажырасу халықтың өсіп-өнуіне кері әсер ететін әлеуметтік-демографиялық құбылыс. Соңғы жылдары ажырасу деңгейінің күрт өскендігі туралы дабыл қағушылар көбейіп, бұл құбылыс өзекті мәселеге айналды.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2010-2019 жылдары 1000 адамға шаққанда ажырасу деңгейі 2,6 мен 3,2 пайыз аралығында болды. Пандемия басталғаннан бері елде ажырасу көрсеткіші күрт төмендеді. Бұның негізгі себебін қазір ашып айту, әрине, қиын. Бір себебі, оқшаулану шараларының нәтижесінде заңды түрде ажырасу процесі кейінге қалдырылады. Ажырасу деңгейінің өңірлік айырмашылықтарына көңіл аударсақ, Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында, Шымкент қаласында, елдің батысындағы Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында ажырасу деңгейі республикалық деңгейден төмен. Ал қалған облыстарда ажырасу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішке жетіп отыр. Дәстүрлі өмір сүретін азиялық этнос өкілдері басым оңтүстік, батыс өңірлерде ажырасу төмен деңгейде болса, еуропалық этностар басымырақ қоныс тепкен солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде ажырасу деңгейі жоғарырақ. Сонымен қатар еліміздің екі ірі мегаполисінде де ажырасу деңгейі басым. Статистика үнемі жаңарып отыратындықтан, нақты шешім айту әрине мүмкін емес. Бірақ деректерге сүйенсек ажырасудың елімізде аз еместігіне көзіміз жетеді.

Көбіне ерлі-зайыптылардың арасындағы ұрыс-керіс, түсініспеушіліктер баланың психикалық санасына да үлкен зиянын тигізеді. Ата-анасының күнделікті ұрыстарын өз көзімен көріп, естіп жүрген бала ертеңгі күні қатыгез, аяушылық сезімі жоқ, отбасы құруға мүлде ниеті жоқ адамға айналуы мүмкін. Себебі әр бала ситуацияны әртүрлі қабылдайды. Сондықтан балалардың жетім қалып, тірегінің болмауынан сақтап қалу біздің басты міндеттеріміздің бірі.

Ер мен әйел екі түрлі жаратылыс болғандықтан, әрине олар бір-біріне ұқсамайды, көзқарастары да, мінездері де әртүрлі болады. Бірақ отбасыны сақтап қалуға тырысатын

екі адам, қашан да мейірімді болуға, өзгені тыңдап, оның жағдайына кіре алатындай болуы керек. Қарым-қатынасты жақсарту үшін екі адам бірдей әрекет жасамаса, олузаққа бармайды, ол факт. Сол себепті, екі адамның арасында бірінші болып махаббат емес, сыйластық тұруы қажет. Сыйлай білетін адам, ешқашан да біреудің ала жібін аттап, оның жеке шегарасын бұзып, ажырасуға жол бермейді

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.